

SHĀKĀRIM SHĀŅYRĀĜY



Ақпараттық-танымдық басылым

2022 жыл №4 (140) сәуір

Осы санда

«EDTALKS – 2022» ӨҢІРЛІК ФОРУМЫ: ЖАС ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫ



ҒЫЛЫМ
АПТАЛЫҒЫ - 2022

2-3 бет



«ЯРМАРКА
ВАКАНСИЙ - 2022»

8 стр



«СПОРТ
ТАҢДАУЫМ ЕМЕС,
ТАҒДЫРЫМ...»

6 бет

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтің құзыреттілігін дамыту үздіксіз үдеріс ретінде қарастырылады. Педагогикалық білімнің әр кезеңінде жаңа тәсілдерді сапалы игеру, сол сапаларды өз тәжірибесінде тиімді қолдану педагогтің өзіндік кәсіби біліктілігінің шыңдауына бағытталады. Шәкәрім түлектерін қолдау мақсатында апгрейд бағыты бойынша жұмыс басталды. Бұл бағытта үш деңгейлік жүйе жүзеге асырылуда.

Осы ретте, Шәкәрім университеті мен Семей қаласы әкімдігінің Білім бөлімі жас педагог-практиктерді, педагог-ғалымдарды және білім беру мекемелерінің жас басшыларына «EdTalks – 2022» өңірлік форумын өткізді.

Форумның мақсаты: жас педагог-практиктердің, білім беру ұйымдары басшыларына кәсіби құзыреттілігін арттыру және жаңарту, білім беру міндеттерін шешуде ынтымақтастықпен жұмыс жасау.



мұғалімнің кәсіби мәртебесі, оның өлшемдері мен статистикалық мәліметтерге тоқталса, Әлихан Бөкейхан атындағы университетінің қауымд. профессоры А.Мамырбеков халықаралық жобалардың мүмкіндіктері мен ерекшеліктері тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті. Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагог-эксперты Б.Серіков аталған мектеп түлектерінің шет елдерге грантқа түсу үшін қандай факторлар әсер ететіндігі жайлы презентациясын ұсынды. «Тарих және құқық» кафедрасының меңгерушісі Н.Газизова «Мектеп-ЖОО» жүйесіндегі білім беру мазмұнының сабақтастығы атты баяндама жасады.

Шараның екінші бөлімінде ғалымдар мен практиктер заманауи мектепті жаңғырту жағдайында білім беру ұйымдарының жас басшыларының басқарушылық құзыреттіліктері мен коммуникативті дағдыларын жетілдіру жолдарын қарастырды. Жас практик мұғалімдердің hard және softs skills қырларын дамытуға жәрдемдесті, тұлғалық және кәсіби біліктілікті арттыру идеяларын айтты. Спикерлер Семей өңірінің жас практик мұғалімдерін, педагог-ғалымдарын дамыту, жас мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесін көтеру және шығармашылық әлеуетін белсендіру, инновациялық құзыреттілікті дамыту, педагогтердің одан әрі кәсіби өсуіне жағдай жасау мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар білім беру жүйесіндегі өзгерістер, PR менеджмент, әлеуметтік жобаларды қаржыландыру, қаржылық сауаттылық, психология, ғылыми әзірлемелер, жастар ғылымы және т.б. тақырыптарда жас педагог-практиктердің Work shop, яғни тәжірибе алмасу тренингтерін өткізді.

Кеш соңында «EdTalks – 2022» өңірлік форумының қатысушыларына сертификаттар табысталды. Өңірлік форум жұмысының қорытындысы бойынша ұсынымдар қабылданды. Қабылданған шаралар педагогтің біліктілік сапасы мен кадрларды дайындаудың тиімділігін арттырып, талантты жастарды тартуға оң ықпал етеді.



Аталған шара 2 бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде алғы сөз алған Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Индира Оралканова болашақ маманның кәсіби қалыптасуына жылдам, әрі нәтижелі ықпал ететін «Мектеп-Колледж-ЖОО» арасында тәжірибе алмасу платформасын құру керектігін айта келе «Бүгінгі біздің студент, ол кешегі сіздердің оқушыларыңыз. Демек, сапалы маманға қол жеткізгіңіз келсе, сапалы білімді оқушы шығару керек», - деп тілге тиек етті.

Форум жұмысына 120-дан астам Семей қаласының Білім бөлімінің және жоғары оқу орындарының «Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ, Әлихан Бөкейхан атындағы университет басшылары, Семей өңіріндегі жалпы білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі ұйымдардың және колледждердің мұғалімдері қатысты. Сондай-ақ жас педагогтер форумының жұмысы барысында жас ұстаздардың кәсіби қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге арналған көрме өткізілді.

Е.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы А.Мейркулова



ҒЫЛЫМ

Елімізде ғылым ілгері, әрі белсенді даму үстінде. Қазіргі уақытта ғылымсыз мемлекет пен халықтың жарқын болашағын елестету мүмкін емес. Сондықтан ғылымға деген көңілдің бөлінуі оның ілгері дамуы, мемлекеттің әл ауқаты мен халықтың тұрмыс жағдайының өсуіне әкелетіні сөзсіз.

Осы ретте, Шәкәрім университетінде Қ.Сәтбаевтың туған күніне орай 11-15 сәуір аралығында ғылыми-инновациялық сипаттағы Іс-шаралар кешенін қамтитын Ғылым апталығы басталды.

Ғылым апталығының ашылуында сөз сөйлеген университет басшысы Б.Ердембеков университетте ғылыми нәтижелер мен жетістіктер саны артып келетінін айтып, бүгінде Шәкәрім шаңырағында қызмет атқарып жатқан жас ғалымдардың ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан жарияланған жобалар конкурсының жеңімпазы атанғандығын тілге тиек етті.

Іс-шара барысында қатысушылар ғылыми жетістіктер көрмесін тамашалады. Көрмеде серіктес ғылыми зерттеу институттары, қала мектептері мен колледждері, университетіміздің жобалары мен стартаптары, сондай-ақ университеттің ғылыми орталықтарының ғылыми жетістіктері ұсынылды.

Әр көктемде өткізілетін дәстүрлі шараның биылғы ұйымдастырылуы да ерекше. Университетке қабылдау ережелері мен тәсу талаптарына жауап беретін қозғалмалы робот баршаның көңілін өзіне аударды.


Жиын барысында қара шаңырағымыздың Құрметті профессорлары, елменің жетекші жоғары оқу орындарының оқытушылары, атап айтқанда Ұлыбритания елінің Реддинг

университетінің профессоры Виталий Хуторянский, Польша елінің Быдгощ Экономика Университетінің директоры Александр Скалий, Алтай мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры Сергей Волохов университетіміздің профессор-оқытушылар құрамын айтулы мерекемен құттықтап, бейнесөздерін жолдады.

Сонымен қатар қаламыздың Шәкәрім атындағы көпсалалы гимназияның 3 сынып оқушылары Руслан Салауат пен Серіков Айсұлтанның «Семейдегі тарихи-мәдени орындардың туристік маршруттық картасын сызу» атты стартап жобасы қатысушылардың көңілінен шықты.

Ғылым апталығы шеңберінде қатысушыларға «Ғылыми жетістіктер» көрмесіне белсене қатысып, «Мектеп-Колледж-Университет» үштігінің арасында ынтымақтастықты нығайтып, ғылымды интеграциялау жолында қосқан үлестері үшін марапаттау қағаздары берілді.

Студент жастардың ғылымдағы талпыныстарына қолдау көрсету, оларды ғылыми ізденістерге қызықтыру мақсатында бір апта ішінде әртүрлі 30-дан астам шара өтті. Олардың қатарында TEDx үздік оқытушылардың дәрістері, Республикалық ғылыми және әдеби кітаптар көрме-жәрмеңкесі, А.С.Пушкин атындағы ШҚО кітапханасының ақпараттық ресурстарының презентациясы, Докторанттар мен магистранттардың постерлік баяндамасы, «Shakarim Quiz» студенттері арасындағы ғылыми-танымдық ойыны, «Science platform» кабинетінің ашылуы, «Жас ғылымдардың ғылымдағы кедергілерді жеңуі» дөңгелек үстелі, «Start-Up-Shakarim 2022» жобалар байқауының финалы, «Stem-Park» білім беру алаңы, «Shakarim-Inno 2022» студенттік ғылыми-практикалық конференциялары өткізілді.



SHAKARIM POSTER EVENT – 2022

Целью обучения в магистратуре и докторантуре является подготовка высококвалифицированных специалистов, отвечающих потребностям развития фундаментальной науки и образования, повышения уровня университетского образования в соответствии требованиям международных стандартов. С каждым годом возрастает профессиональная значимость и востребованность выпускников магистратуры и докторантуры.

В рамках недели Науки с целью активизации исследовательской деятельности магистрантов и докторантов, а также для создания условий для их творческой, научной самореализации в Университете Шакарима прошел конкурс среди магистрантов и докторантов «Shakarim Poster Event – 2022», который в этом году состоялся 13 апреля.

Университетский конкурс проходил по следующим приоритетным направлениям:

- современные исследования в области технических наук;
- естественные и математические науки в современном мире;
- сельскохозяйственные науки и ветеринария: шаги к инновациям;
- научные достижения в социально-гуманитарных и экономических исследованиях.

Конкурсанты продемонстрировали инновационные достижения научно-исследовательской деятельности. Всего было представлено около 30 постерных докладов, тематика которых актуальна, а полученные результаты имеют научную и практическую значимость и возможность внедрения результатов исследования в учебный процесс или производство.

Постерные доклады оценивали в соответствии с разработанными критериями независимые члены комиссии, в состав которого вошли руководители структурных подразделений вуза.

АПТАЛЫҒЫ – 2022



МАГИСТРАНТТАРҒА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ АЛАҢ АШЫЛДЫ

Жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру белсенді шығармашылық іс-әрекетке тартудың маңызды формасы болып табылады. Жоғары кәсіби мамандарды даярлауда оның рөлі өте зор.

Осы ретте, Шәкәрім университетінің жас ғалымдарының білім ордасының дамуындағы рөлі, олардың шығармашылық жобалары мен бастамаларын, ғылыми ізденістерін қолдау мақсатында SCIENTIFIC PLATFORM ғылыми алаңының ашылу рәсімі өткізілді.

Рәсімнің ашылуында сөз сөйлеген Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Индира Оралканова аталған алаңның маңыздылығын айтып, жас ғалымдардың келешекте еліміздің игілігі үшін қызмет ететіне көміл сенетіндігін атап өтті.

SCIENTIFIC PLATFORM Ғылым апталығы аясында Педагогика және психология кафедрасының ұйытқысымен

магистранттардың ғылыми әлеуетін көтеру мақсатында ашылды. Мұнда магистранттардың шығармашылық және ғылыми ізденістері үшін ең қолайлы жағдайлар жасалған.

«Үздік магистрант» байқауының жеңімпазы, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты Динара Тусупова көрсетілген мүмкіндік үшін алғысын білдіріп, бүгінгі таңда Бесқарағай ауданында балабақша құрылтайшысы атанғандығын тілге тиек етіп, қара шаңырақтың профессор-оқытушылар құрамына алғысын білдірді.

Аталған ғылыми алаңда магистранттардың ғылыми жетістіктері, педагогика, психология саласындағы мобильдік кітапхана қосымшалары, Web of science, Scopus мәліметтер базасы, сондай-ақ психология методикасы мен профессор-оқытушылар құрамының мақалалар каталогы жинақталған.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛДАРЫН КЕҢЕЙТУ

Білім беру үрдісін жетілдіруде тәжірибе алмасу, оқытудың заманауи әдістері мен жүйелерін, инновациялық технологияларды қолдану мақсатында бірқатар әріптестерімізбен ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Шәкәрім шаңырағында Ғылым апталығы аясында «Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығы», «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы», «PlasmaScience» пен «Жазкен Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестерімен тікелей әрі өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту мақсатында Меморандумға қол қойылды.

Кездесудің кіріспе сөзінде Басқарма төрағасы Бауыржан Ердөбеков болашақ мамандарды сапалы даярлау үшін бірлескен іс-шаралар, ғылыми бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға дайын екендігін білдірді.

Өз кезегінде Абайдың «Жидебай-Берілі» музей-қорығы директоры Тұрдықұл Шанбай мұражайдың отандық білім беру мекемесімен ынтымақтастығының маңыздылығын атап өтіп, Шәкәрім университеті – ұлттық ғылым мен мәдениеттің ірі орталықтарының бірі, ол жоғары кәсіби мамандарды ғана емес, сонымен қатар әр түрлі ғылыми бағыттағы жас ғалымдарды дайындаумен айналысатынын баса айтты.

Меморандум аясында екі тарап бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысуға, сондай-ақ ғылыми-мәдени жобаларын бірлесіп әзірлеуге мүмкіндік алды.

Кездесу барысында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» жетекшісі Мәди Бектемиров облыс филиалдарында Шәкәрім университетінің түлектері жұмыс істеп келе жатқандығын, жұмысқа агроном саласындағы мамандарды қабылдауға даяр екендігін тілге тиек етті.

Сонымен қатар «PlasmaScience» ұйымының директоры, қауымд. профессор Бауыржан Рахадиллов машина жасау саласында еңбек нарығының сұранысына сай білімді де, білікті мамандар даярлауға септігін тигізгісі келетіндігін атап өтті.

Меморандумның онлайн форматында сөз сөйлеген «Жазкен Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Басқарма Төрағасының ғылым жөніндегі орынбасары Жан Ниязбеков аталған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өсімдіктану бойынша еліміздегі жалғыз институт екендігін атап өтіп, алдағы уақытта оқу орнымен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын екендігін айтты.

Шара соңында тараптар бірлесіп білім беру бағдарламаларын әзірлеу және ғылыми жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады.



STEM - БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТЫҢ БАҒЫТ, ЖАҢА ТРЕНД

Ғылым, математика, технологиялар, және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек. Оларды STEM деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады. Бұл бағдарлама – ақпараттық технологияларды тиімді қолдану және сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді.

Білім алушылардың зерттеу және конструкторлық жұмыстарына, техникалық шығармашылығына қолдау көрсету мақсатында STEM-парк ашылды.

Рәсімге университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты. Кабинеттердің лентасын кию құрметі ардагер ұстаздарымыз Серікбай Маусымбаев пен Ерғали Есенжоловқа берілді.

Алғашқы сөз алған Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Ердембеков аталған шараның маңыздылығын айтып, STEM – әлемдік білім беру технологиясының жаңа тренді екендігін тілге тиек етті.

Салтанатты шара барысын-

да №23 мектебінің 10А спорт сыныбының шығармашылық тренинг көрсетілімі өтті.

Оқу аудиторияларында студенттер математика мен физикадан басқа робототехниканы оқитын болады, сол бойынша өздерінің роботтарын бағдарламалап, құрастырады. Сабақта арнайы технологиялық құрал-жабдықтар қолданылады дейді ұйымдастырушылар.

Аталған STEM-парк "Ғылыми зерттеу залы", "Stem", "Robotech", "Stem Physics" оқу аудиториялардан тұрады.

Ігі шарадан кейін инновациялық білім беру және ғылыми қызмет саласындағы ынтымақтастық, дарынды балаларды анықтау және қолдау, болашақ педагогтарды са-



палы даярлау мақсатында қаламыздың №23, 49, 25 орта білім беретін мектептерімен Меморандумға қол қойылды.

«Меморандум «Мектеп-ЖОО» білім беру кластерінің тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдеседі», - деді Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Индира Оралканова. Проректор өз сөзінде жалпы білім беретін мектептерде педагогикалық кадрлар жетіспейтінін атап, мектеп кезінен бастап мұғалім

мамандығына қабілетті балаларды анықтау керек екендігін айтты. Аталған бағыт бойынша қаламызда алғашқы педагогикалық сынып ашу жоспарланды.

Сонымен қатар Меморандум аясында мектептер спорт, математика, инженерия бағыттарында жоғары оқу орнымен өзара сенімді серіктес атанып, білім және ғылым саласында бірлескен жаңа жобаларды жүзеге асырады.

ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫ: ҚОРЫТЫНДЫ КЕШ

Шәкәрім университетінде Ғылым апталығының салтанатты жабылу рәсімі өтті.

Басқарма мүшесі – Ғылым және инновация жөніндегі проректор Жанар Молдабаева қатысушыларды ауқымды іс-шараның аяқталуымен құттықтап, қазақстандық ғылымды дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ, ЖОО-ның 2022 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындылары туралы хабардар етті. Өз баяндамасында Жанар Қалибекқызы ғылыми кадрлардың әлеуетіне және апта бойы өткізілген іс-шараларға тоқталды.

Ғылым апталығы аясында студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми дамуына ықпал ететін, оларды ғылыммен айналысуға ынталандыратын және талантты жастарды қолдайтын әртүрлі деңгейдегі 30-дан астам іс-шаралар өткізілді. Олардың ішінде: ғылыми жетістіктер көрмесі мен стартаптар жобасы, меморандумдарға қол қою, воркшоптар, TEDx дәрістер, кітап әдебиетінің көрме-жәрмеңкесі, студенттік конференция, кабинеттердің ашылуы, сондай-ақ түрлі конкурстар. Іс-шараларға 3000-нан астам адам қатысты.

Ғылыми қызмет халықаралық деңгейде халықаралық академиялардың құрамына кіруге мүмкіндік береді. Ғылым күні қарсаңында университет ғалымдары Халықаралық суық академиясының корреспондент-мүшелері атанды.

1. Техника ғылымдарының докторы, технологиялық жабдықтар және машина жасау кафедрасының профессоры Қасенов Әміржан Леонидович;

2. Тамақ өндірісі технологиясы және



биотехнология кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Кәкімова Жайнагул Хасенқызы;

3. Техникалық физика және Жылу энергетикасы кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Степанова Ольга Александровна;

4. PhD, Техникалық физика және Жылу энергетикасы кафедрасының қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы Қасымов Асқар Бағдатұлы.

Ғылым апталығы аясында үздік факультетті, үздік ғалымды, үздік жас ғалымды және үздік магистрантты анықтау бойынша ғылыми-зерттеу жетістіктерінің конкурсы өткізілді.

Нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТТІҢ:

- үздік факультет – Инженерлік технологиялық факультеті;
- үздік ғалым– PhD доктор Касымова Асем Аленовна;
- үздік жас ғалым– PhD докторы Байқадамова Әсемгүл Мәдениетқызы;
- үздік магистрант– Педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты Түсіпова Динара Серікболқызы атанды.

Білім алушылардың жыл сайынғы «SHAKARIM INNO-2022» ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізіліп, «SHAKARIM POSTER EVENT-2022» университеттің докторанттары мен магистранттары арасында постерлік баяндамалар байқауының қорытындысы шығарылды. Былғы жылы байқауға 27 постерлік баяндама ұсынылды.

Ғылыми білімді насихаттау және студенттік ғылыми үйірмелер арасында шығармашылық идеяларды жүзеге асыру мақсатында алғаш рет ғылыми құбылыстар туралы "SCIENCE VIDEO" ғылымтанымдық онлайн бейнероликтер байқауы өткізілді. Алғаш рет Шәкәрім университетінің өзіндік үлгісіндегі PhD дипломымен диссертациялық кеңесте қорғаған докторанттар марапатталды.

Көп жылғы жемісті еңбегі, Қазақстан Республикасының Жоғары мектебі үшін жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлағаны үшін университеттің профессорлары Арап Слямұлы мен Зейнолла Қалымбекұлы "Шәкәрім университетінің құрметті профессоры" атағын иеленді.

БІЛІМ КӨКЖИЕГІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ



бөсекеге қабілеттілігін арттырады.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен бұрыннан бар байланыс нығайып, болашақта бірлескен ғылыми жобалар жазып, магистранттар мен докторанттардың ғылыми тәжірибеленуі осы Меморандум аясында қарастырылатын болады,- дейді өз сөзінде университет басшысы Бауыржан Аманкелдіұлы.

Бұдан бөлек бірлесе маман дайындау үшін ғылыми-зерттеу институтының зертханалары магистранттар мен докторанттарға, ал оқу орынның зертханалары институт қызметкерлеріне қолжетімді болады.

Сондай-ақ ғылым ордасының ғалымдары университет кітапханасына соңғы үш жылда жарық көрген ғылыми кітаптарды сыйға тартты.

Қабылданған шаралар ғылыми зерттеу сапасы мен ғылыми кадрларды дайындаудың тиімділігін артты-



рып, ғылымға талантты жастарды тартуға оң ықпал етеді.

Анықтама: М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты құрылған уақытынан бері қазақ әдебиеті мен фольклорын және өнерін зерттейтін бас ғылыми мекемеге айналды.

Институт ғалымдары ұлттық әдебиет пен өнердің тарихы мен теориясын, аса көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын зерттеу ісіне үлкен үлес қосты.

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
журналист

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН БАЛУАНДАР ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

Шәкірті биіктен көрінсе ұстаз мерейі артады. Білім ордасының бөсекеге қабілеттілігі түлектерінің деңгейімен өлшенетіндігі баршаға мәлім.

Осы ретте, бүгін Шәкәрім шаңырағына бұрынғы Семей зоотехникалық-ветеринариялық институтының жаттықтырушылары Қазақ КСРО Еңбек сіңірген жаттықтырушылары Серік Тоқтарғазин мен Серік Қоржықенов бастаған университет түлектері Халықаралық дәрежедегі төреші Қайыртай Оразалинов, ҚР дзюдо федерациясының төрешілер алқасының төрағасы Мұқым Нұртазин, самбоның серкесі Зекен Шаймарданов, Қазақстан Республикасының спорт қайраткері Аман Шәріпов, қазақ күресінен спорт шебері Қуат Калиев, самбодан Азия чемпионы Меруерт Қиақбаева және Көркем гимнастикадан КСРО спорт шебері Валерия Моисеева келіп қайтты. Арнайы қоңақ ретінде «Қазақстан барысы» турнирінің күміс және қола жүлдегері, Қазақ және самбо күресінен әлем чем-



пионы Шалқар Жоламанов шақырылды.

Кіріспе сөз сөйлеген Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Берікхан Иісбек шараның маңыздылығына тоқталып, университет түлектерімен тығыз қарым-қатынас орнату керектігін айтты.

Кездесудің мақсаты – студент жастар арасында патриоттық рухани тәрбиені

өрістетіп, салауатты өмір салтын қалыптастыру, Қазақстанда спорттың дамуы мен оны насихаттау арқылы жастарды спортқа баулу. Тағылымды кездесуді Ветеринария және агроменеджмент факультеті ұйымдастырды.

Шарада сөз сөйлеген Шығыс Қазақстан облыстық бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің директоры Зекен Шаймарданов қара шаңырақта

талай мықтылар шыққандығын тілге тиек етіп, бүгінгі таңда сол үрдісті жалғастырып жатқан, ағаларының жолын қуған мықты спортшылар бар екендігін айтты.

«Барлығын тізбектемей-ақ, қазақ күресінен әлем мен Азияның төрт дүркін чемпионы, «Қазақстан Барысы» жобасының екі дүркін жеңімпазы Айбек Нұғымаров, «Қазақстан Барысы» жобасының 2014 жылғы жеңімпазы Мұхит Тұрсынов, танымал дзюдошы, «Қазақстан Барысының» екі дүркін күміс жүлдегері Ерасыл Қажыбаев және тағы басқа саңлақтар дәл осы шаңырақтың түлектері екенін айтсақ та жеткілікті деп ойлаймын»,- деді Зекен Сүлейменұлы.

Екі сағат уақыт көлемінде студенттер спортшылардың өміріне, дайындығына, алдағы жоспарларына, қазақ күресінің бүгінгі мен болашағына қатысты қызықты сұрақтарын қойды.

ШЫҒЫС СҮЛЕЙМЕНОВ
Ветеринария және агроменеджмент факультетінің декан орынбасары

«ЯРМАРКА ВАКАНСИЙ – 2022»

Трудоустройство выпускников является одной из важнейших показателей эффективности работы университета, востребованности образовательных программ. В этом направлении вузом проводятся различные мероприятия: гостевые лекции работодателей с презентациями своей деятельности в той или иной сфере, встречи с представителями центров занятости города и региона, круглые столы с руководителями предприятий, организаций, проведение заседаний Совета работодателей, мастер-классы по составлению резюме и ролевые варианты самопрезентации на собеседовании, распределение выпускников на работу, ежегодные «Ярмарки вакансий».



Одним из эффективных форм является «Ярмарка вакансий».

Целью проведения «Ярмарки вакансий – 2022» являлось выявление кадровых потребностей рынка труда, налаживание связей с работодателями и социальными партнерами для содействия трудоустройству выпускников.

На «Ярмарке вакансий» выпускники имеют шанс, не покидая стен учебного заведения, получить приглашение на работу по специальности в предприятия и организации. Каждый участвующий работодатель получает возможность ознакомиться с резюме соискателей и провести собеседование.

Так, с 28.03.2022 г. по 05.04.2022 г. для выпускников педагогического, технического, аграрного направлений, а также образовательных программ бизнеса, управления и права проводилась «Ярмарка вакансий - 2022» на базе Shakarim University.

В 2020, 2021 гг. в связи с эпидемической ситуацией, связанной с COVID-19 «Ярмарки вакансий» проводились в онлайн режиме. Впервые, спустя два года мероприятие проведено в офлайн формате и состояла из двух частей. Отличием явилось то, что в первой части ярмарки была организована диалоговая площадка работодателей с руководством, профессорско-преподавательским составом Shakarim University и студентами, где обсуждались вопросы подготовки кадров. Выступали спикеры от государственных и частных предприятий и организаций, которые поделились с новыми трендами и личным опытом в сфере образования, бизнеса, экономики, инженерного дела и аграрного сектора.

Со своей стороны, Университет отметил, что в результате всестороннего анализа проблем подготовки кадров, была выдвинута следующая модель Талантливый ученик – Білімді студент және кемел тұлға и квалифицированный специалист.

Может возникнуть вопрос почему «Талантливый ученик»? Если мы хотим, чтобы все сферы деятельности в нашей стране

развивались успешно и качественно, то мы должны позаботиться о качественной подготовке кадров. Ведь не секрет, что особенно это касается педагогических ОП. Не всегда самые лучшие выпускники приходят на педагогическую и другие специальности. Университет работает с продуктом, который получает со школы. т.е. критика в адрес вузов – это критика и в адрес школы на самом деле.

Университетом ведется усиленная работа по привлечению лучших выпускников на педагогическую специальность.

Вместе с этим, в результате анализа было выявлено, что после окончания обучения теряется связь с выпускниками. В целях поддержки выпускников Университет Шакарима открывает Upgrade center for Alumnies of Shakarim University. В центре будет реализована трехуровневая система: поддержка, модернизации и распространения опыта.

Уделяется особое внимание вопросу переподготовки педагогических кадров. В целях качественной и оперативной подготовки кадров проводятся курсы переподготовки по 16 ОП. Данная программа дает возможность лицам без педагогического образования в короткие сроки пройти обучение и получить квалификацию.

Со своей стороны работодатели также активно выдвигали свои предложения. Так, например, было предложено направлять на практику в районы и села для прохождения всех видов практик, при этом работодатели выразили готовность оплачивать обучающимся во время практики или в период обучения по дуальному обучению.

Также было особо отмечено, что в данный момент наблюдается большая кадровая потребность в молодых специалистах по следующим предметам: математика, физика, русский и иностранный языки.

В аграрном направлении в регионе идет на сегодняшний день тенденция, что основная часть работников находится в предпенсионном возрасте и возникает необходимость в молодых кадрах.



Работодатели особо подчеркнули на важность мягких навыков (soft skills) в построении успешной карьеры.

Во второй части «Ярмарки вакансий - 2022» работодатели знакомились и проводили собеседование с выпускниками, где в свою очередь выпускники, получали интересующую информацию о имеющихся вакансиях, условиях работы, заработной плате, перспективах и карьерном росте.

Как отмечают выпускники, «Ярмарка вакансий» предоставила возможность встречи с представителями различных предприятий, организаций и сделать правильный выбор в построении своей будущей карьеры. Работодатели в процессе ознакомления и общения



с выпускниками оценили потенциал молодых специалистов и пригласили ряд выпускников на работу.

На участие в ярмарке зарегистрировались более 150 предприятий и организаций, которые проявили активный интерес к выпускникам вуза в ходе мероприятий. Среди партнеров, которые готовы принять на работу наших выпускников:

- педагогического направления - отделы образования по Аягозскому району, Бескарагайскому району, Зайсанскому району, Катон-Карагайскому району, Катон-Карагайскому району, Курчумскому району, Кокпектинскому району, Уланскому району, Урджарскому району, отдел образования по городу Курчатов, КГКП «Педагогический колледж им.М.О.Ауэзова», КГУ «Бескарагайский колледж», КГКП «Колледж бизнеса и сервиса»;

- направления бизнеса, управления и права АО «Народный банк Казахстана» филиал г.Семей, филиал № 1 Евразийского банка, Администрация судов по ВКО;

- инженерно-технического направления - ТОО «Согринская ТЭЦ» (г. Усть-Каменогорск), Национальный ядерный центр Республики Казахстан (г. Курчатов), КГП на ПХВ «Центр ядерной медицины и онкологии города Семей», ТОО «Daewoo bus Kazakhstan», ТОО «KondiZ», ТОО «iMAS GROUP», АО «Семей Инжиниринг», ТОО «GeoID», ТОО «ПК «Цементный завод Семей», РГУ «Управление по ЧС города Семей» ДЧС ВКО МЧС РК, Филиал в г.Семей департамента по техническому регулированию и метрологии по ВКО, ТОО «Эмиль»;

- аграрного направления - Управление ветеринарии ВКО, Восточно-Казахстанского филиала) Республиканский противозпизоотический отряд) комитета ветеринарного контроля, крестьянское хозяйство Муздыбай, Прииртышская бройлерная птицефабрика, РГУ «ГЛПР» Семей Орманы» и многие другие.

В 2022 году вуз завершают 1363 человек обучающихся очной формы бакалавриат, из них 376 человек - по направлению «Образование», 535 человек - «Технические науки и технологии», 119 человек - «Социальные науки, экономика и бизнес», 182 человек - «Сельскохозяйственные науки», 39 человек - «Право» и другие.

На «Ярмарке вакансий - 2022» около 60% выпускников предварительно заключили соглашения о трудоустройстве со школами, колледжами, организациями и производственными предприятиями по ВКО.

Shakarim University активно поддерживает и участвует в вопросах касательно трудоустройства и дальнейшей карьеры выпускников. Огромная благодарность работодателям, в лице частных и государственных организаций, за активную поддержку и участие на «Ярмарке вакансий - 2022».



Тәуелсіздік тұсында тұлғаланған бірнеше буынның тарихи санасының қалыптасуына, әдеби түсінігінің толығына, танымның орнығуына үлес қосқан ардақтылардың бірі – ақын Мұратбек Оспанов.

МАРЖАН СӨЗДЕН ТІЗІЛГЕН МОНШАҚ НЕМЕСЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ МОЛ МЕРЕЙТОЙ

Ақын, жазушы, журналист-редактор, оқытушы, өз елінің патриоты, саналы ғұмырын ұлт руханиятына арнаған Мұратбек Қабиденұлы 60 жасқа толды. Адам баласының еңбегі ұлтқа қызмет етуімен өлшенеді десек, қаламы қарымды журналист-редактордың қазақ руханияты және Абай тақырыптарындағы мақалалары санамызды ұшар биікке көтерді. Ал ақындық лабораториясы өз алдына бір әлем. Жалпы туындылары артынан ерген кейінгі өскін енеге алатын шығармалар екенін уақыт өзі көрсетіп отыр.

22 сәуір күні Шәкәрім шаңырағында ақын, «Абай» журналының Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұратбек Оспановтың 60 жас мерейтойына және «Абай» журналының 30 жылдығына орай «Алаштың алтын қазығы» атты әдеби-танымдық кездесу кеші өтті.

Кездесу кешіне Нұр-Сұлтан, Алматы, Қызылорда мен Абай елінің іргелі ақын-жазушылары, зиялы қауым өкілдері, нақтырақ айтсақ мерейтой иесінің курстастары, достары, қызметтес болған әріптестері арнайы келді. Сондай-ақ, шараға қала басшылығы, университет жұмысы, студент жастар қатысты.

Тағылымы мол шара университет ректоры Бауыржан Ердембековтің алғы сөзімен ашылды. Бауыржан Аманкелдіұлы М.Оспанов «Абай» журналының ұлыын берік ұстап, оқырманына жеткізуде жанқиярлықпен еңбек етіп жүргенін, бұл жанкешті еңбек Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бастаған, Қайым Мұхамедханов пен Рысхан Мұсаұлы қайта жаңғыртқан ұлы жолдың жалғасы екендігін тілге тиек етті. Соңғы жылдары тұрақты ғимарат таппай, әр жылдары әртүрлі нысанды жалға алып отырған журнал редакциясына:

– Шәкәрім университетінен «Абай» журналына арнайы кабинет ашамыз. Тарихын тереңге тартқан журналдың кабинетінде тек журнал тарихы ғана емес, сонымен бірге Семей өңірінің мәдени, тарихи, әлеуметтік тұрмыстық және әдеби өлкетанулық өмірі шежіресі сыр шертетін болады. «Абай» журналы болашақ жас журналист студенттер мен әдебиетшілердің ортасына, ордасына айналады. Дипломдық, магистрлік, докторлық диссертациялардың, ғылыми жобалардың көзіне айналады, – деген ректор көсемсөз өнерінде де өз сүрлеуін сала білген белгілі журналистің студенттердің санасына ұлы ақынға деген құрметті сыналап енгізе білген ұстаздық қыры жайлы да пікір білдірді.

Кеш барысында алыстан ақ тілегін арқалап келген зиялы қауым өкілдері, әдебиетсүйер қауым мен белгілі журналистер сөз алып, ақынның шығармашылығы

жайлы ой өрбітіп, тамаша естеліктерімен бөлісті.

Сөз тізгінін алған қала әкімінің орынбасары Айдар Садырбаев Президент әкімшілігінен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева жолдаған құттықтау хатты, Семей қаласының әкімі Бақытжан Баяхметов жолдаған Семей қаласының құрмет грамотасын табыстап, Абай журналын жаңғыртуға атсалысқан азаматтың ұлтжандылығына, адал еңбегі мен азаматтық ұстанымдарына ризашылығын білдірді.



Филология факультетінің деканы, ғалым Айбар Қадыров өз баяндамасында мерейтой иесінің өмір белестеріне шолу жасап, әр қырына жеке тоқталып, руханиятымызға сіңірген еңбегі жайлы баса айтты.

Тілек мінберіне шыққан Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, ф.ғ.д. академик, қазақ журналистикасының қара нары Бауыржан Жақып мерейтой иесімен жастық шақта, сонау Архат тауларында басталған сыйластық әлі күнге дейін жалғасып, достыққа, бауырластыққа ұласқанын айтты. Жастық шақтарын еске алып, естеліктерімен бөлісті.

– Мұқаң мені журналистикаға сүйреген ұстазым. Мен 40 жыл қазақтың журналистерін тәрбиеледім. Қазірге дейін тәрбиелеп келе жатырмын, – деген Бауыржан Әміржанұлының бұл сөзінің өзі Мұратбек Қабиденұлына деген құрметтің, достық пейілдің белгісі іспетті.

Бауыржан Әміржанұлы ақ тілгін қара сөзбен ғана емес, жыр жолдарымен де жолдады. Тамаша арнаудан үзінді келтірсек:

*Сенде алпысқа толдың ба Мұратбегім
Шыңғыстауда жанған бір шырақпа едің
Алақанға салып алып аяласын
Абай туған киелі шуақты елің
Ал алпысың құтты болсын Мұратбегім
Қай кезде де достыққа тұрақты едің
Абай жолын жалғаған ақ жолыңды
Қолдай берсін қашанда қуатты елің!*

Бұл кеш бір адамның емес, күллі қазақ руханиятының кешіне айналғандай. Сөз жүйріктерінің, ой-орам көсемдерінің, тіл данышпандарының тағылымды ойлары айтылды. Журналдың тарихы жайлы сыр шертілді.

– Мұратбек Ырысхан ағамыздың, үлкендеріміздің, Абай атамыздың рухына ие болып, аманатты жақсы көтеріп келеді. Қазір журнал өз дәрежесінде, қаншама жаңа авторлар қосылып жатыр. Айдарлары да толысып, толыға түсті. Мен енді ақын емеспін. Тұманбай ағамыз, Қадыр ағамыз мінездеме беріп, пікір айтып жатса, олардан асып нені айтамын. Мұратбек! Поэзия сенің жүрегің, абайтану сенің жүрегің, – деді «Абай» журналының байырғы қызметкері, ҚР «Құрметті журналисі» Райхан Ахметова.

Өмір белесінде ғылым мен білімнің жолын түйістіріп, жазушылық саласында өзіндік сара жолын сала білген арқалы азаматтың мерейтойына арналған сый-құрмет легі толассыз еді.

– Ақындық пен азаматтықты аласартпаған, өлмейтін сөз, өшпейтін өлең тудырған табиғи талант ретінде еліміз сіздің шығармашылығыңызды, парасатты болмысыңызды үлгі тұтады. Еңбек жолыңызда хәкім Абайдың мұрасын ұрпақтарға мирас етуге ұмтылған қайраткерлігіңіз бір бөлек, қиын да қыстау кезеңдерде ел руханиятына сіңірген еңбегіңіз орасан зор. Ұлы тұлғалардың аманатын арқалап, асқарлы 60 жасқа толдыңыз. Ұжымыңызбен бірге 30 жылда айтулы табыстарға жеттіңіздер. Сізді мерейлі 60 жастық мерейтойыңызбен және республикалық «Абай» журналының 30 жылдығына арналған салтанатты мерекеніңізбен шын жүректен құттықтаймыз, – деген Абай атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қорының басқарма төрағасы Ермек Бейсенбаевтың атынан және өз тарапынан құттықтаған аталмыш қордың атқарушы директоры Аслан Ғафуров Мұратбек Қабиденұлына 500 мың теңге қаржылай сыйымен смарт карта табыс етті.

Есепте емес, есте қалар бұл кеш бұрынғыдан өзгереді. Жүректарды тілектер, ерекше естеліктер, тағылымды тарих, арнау өлеңдер, құлақтан кіріп, бойды алар жақсы ән мен тәтті күй де болды. Марapat пен мадақ, көрсетілген құрмет Мұратбек Қабиденұлының қазақ руханиятына, Абай әлеміне сіңірген еңбегін айқындап бергендей.

Шара аясында ақынның жазушылық, редакторлық, ақындық өнерімен бірге ұстаздық қызметі де көрініс тапты. Шәкірттері арнау арнап, өлеңдерінен үзінді оқыды.

Әйгерім СӘРСЕНҚАЛИ



9 МАМЫР
ЖЕҢІС КҮНІМЕН!

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ

Сол бір сұрапыл соғыс жылдары Қазақ халқы өз Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. КСРО-ның миллиондаған әскерімен бірге, қазақ жауынгерлері де Ұлы Отан соғысына аттанып, батылдығымен, қайсарлығымен көзге түсіп, жеңіске жетуге елеулі үлес қосты.

Ұлы Отан соғысына семейлік жауынгерлер де үн қосты. Сол аяулы азаматтардың бір тобы – қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының ұрпақтары. Олар Отанды зұлым жаудан қорғап, қан майданда ерлік көрсетті, көбі туған елге қайтып оралмады. Жалпы алғанда Абай ұрпақтарынан соғысқа 9 адам қатысқан. Олар: Мағауия немерелері – Ишағы, Берекехан мен Жошыхан, Ақылбай немересі – Ғабдісләм мен Әлихан, Мекайіл немересі – Құзайыр мен Әлішер, Ізкәйіл ұлы – Тоқташ, Тұрағұл немересі – Алпаш.

Жошыхан Жағыпарұлы Алматы қаласындағы №12 мектеп-интернатты бітіріп, 1942 жылы майданға аттанады. 1943 жылдың тамызы айында Харьковті азат ету үшін болған шайқаста ерлікпен қаза табады.

Берекехан Құтайбаұлы (1919-1942) – Абайдың шөбересі, Мағауияның немересі. Семейде 7-сыныпты орысша оқып бітірген. Шығыс Қазақстан облысы Новошұльба ауданында Уба-Форпост ауылдық кеңесінен әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Тоқташ Ізкәйілұлы (1924-1943) – Абайдың немересі. Ол музыкалық аспаптар домбыра, баянда ойнап, Абай әндерін әуелете шырқаған өнерпаздардың бірі болған. Тоқташ неміс фашистеріне қарсы Отан соғысына қатысып, 1943 жылы қаза болған.

Құзайыр Мекайылұлы (1912-1945) – Абайдың немересі, бай тұқымы ретінде жер аударылып, елден қуылған. Фрунзе қаласына барып паналап, қара жұмыс істеген. Сол жерден әскерге алынып, 1945 жылы майданда қаза тапқан.

Әлихан Әубәкірұлы (1918 – ө.ж.б.) – Абайдың шөбересі. Отан соғысына қатысып, хабарсыз кеткен.

Алпаш Жебрәйілұлы (1922-1990) – Абайдың баласы Тұрағұлдың немересі. Өз әкесі Жебрәйіл Абайдың інісі Оспанның атына жазылған. Ұлы Отан соғысына қатысып, мүгедек болып оралды. 1990 жылы дүние салды.

Қалышер Мекайылұлы (1921-1942) – Абайдың немересі. Қалышерге байдың тұқымы деген айып тағылып, жер аударылған. Фрунзе қаласынан әскерге аттанып, Отан соғысында 1942 жылы қайтыс болған.

Қапсәләм Әубәкірұлы (1907-1943) – Абайдың шөбересі. Ұлы Отан соғысында 1943 жылы қайтыс болған.

Ишағы Жағыпарқызы – Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай ұрпағының тоғызыншы ішіндегі аман оралған екеудің біреуі. И. Сталиннің 1945 жылғы 23 тамыздағы №372 бұйрығымен Манчжурия аумағындағы Жапонияға қарсы ұрысқа қатысып, көрсеткен ерлігі үшін Ишағы Жағыпарқызына алғыс жарияланды. 2014 жылғы 12 маусымда қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шөбересі, асылдың сынығы Ишағы Жағыпарқызы 92 жасында дүниеден озды.

Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов бір естелігінде «Абай менімен біздің І-Брест атқыштар дивизиясының солдаттары және командирлерімен бірге Польша, Германия жерлерін азаттық сапарымен аралап өтті. Полктық достарым бірінен-бірі алып, ақыры ол кітапты менің қолыма тигізбеді. Абайдың майданға келген екі томы менің меншігімнен шығып, солдаттардың ортақ дүниесіне айналып кетті», - деп Абай жырларын таласа оқыған майдандас достарын тебірене еске алады. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» барша ұлысты бауырына басқан ұлы ақын Абай өлеңдері жауынгерлерге рух бергені, намыстарын жанығаны анық.

Отанына бейбіт күнді сыйлаған сол жауынгерлердің алғы шебінде Абай ұрпақтары да болғандығын бүгінде ерекше құрметпен айтамыз.

«Абай және ұлттық руханият» ҒЗО

Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай ұрпақтары



Әлихан Әубәкірұлы
(1918-ө.ж.б.)

Абайдың шөбересі.
Ұлы Отан соғысында
хабарсыз кеткен.



Алпаш Жебрәйілұлы
(1922-1990)

Абайдың шөбересі.
Ұлы Отан соғысынан
мүгедек болып оралған.



Жошыхан Жағыпарұлы
(1924-1943)

Абайдың шөбересі.
Ұлы Отан соғысында
мерт болған.

1941-1945

Шәкәрім университетінің
«Абай және ұлттық руханият» ҒЗО

Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай ұрпақтары



Құзайыр Мекайылұлы
(1912-1945)

Абайдың немересі.
Ұлы Отан соғысында
қаза болған.



Қалышер Мекайылұлы
(1921-1942)

Абайдың немересі.
Ұлы Отан соғысында
қаза болған.



Тоқташ Ізкәйілұлы
(1924-1943)

Абайдың немересі.
Ұлы Отан соғысында
қаза болған.

1941-1945

Шәкәрім университетінің
«Абай және ұлттық руханият» ҒЗО

Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай ұрпақтары



Қапсәләм Әубәкірұлы
(1907-1943)

Абайдың шөбересі.
Ұлы Отан соғысында
қаза болған.



Берекехан Құтайбаұлы
(1919-1942)

Абайдың шөбересі.
Ұлы Отан соғысында
қаза болған.



Ишағы Жағыпарқызы
(1922-2014)

Абайдың шөбересі.
Авиация техникі болып қызмет
еткен. «Шебер атқам» деген атаққа
ие болған. Көрсеткен ерлігі үшін
И.Сталиннің бұйрығымен алғыс
жарияланған.

1941-1945

Шәкәрім университетінің
«Абай және ұлттық руханият» ҒЗО

ОТКРЫЛСЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ КАБИНЕТ ИМ. ЗЕЙНОЛЛЫ ТОКАЕВА

В корпусе №5 Университета Шакарима состоялось торжественное открытие специализированного кабинета в честь известного профессора, д. в. н. Зейнолла Калымбековича Токаева. Данное мероприятие приурочено к 70-летию Семипалатинского зоотехническо-ветеринарного института.

Новый кабинет оснащен всеми необходимыми и современными оборудованием для комфортного и качественного обучения студентов. Преподаватели университета и студенты рады новшествам, ведь для детального изучения ткани и научных исследований необходимы суперсовременные микроскопы.

В мероприятии принял участие и аким города Семей Бакытжан Байахметов, который вместе с аксакалами посадил на территории университета саженцы сосны и ели.

«Сегодняшнее мероприятие посвящено Зейнолле Калымбековичу Токаеву, который посвятил всю свою сознательную жизнь системе высшего сельскохозяйственного образования и науке, прошел уникальный жизненный путь от воспитанника интерната-пансиона до ректора зоотехническо-ветеринарного института. Он весьма успешно совмещал и педагогиче-



ским оборудованием, что позволяет студентам визуально лучше усваивать информацию и получать теоретические знания. Я считаю, что наша молодежь должна знать о таком человеке и его достижениях».

В свою очередь Зейнолла Калымбекович про себя говорить не стал, а отметил важность создания новой области и возвращения Семейю статуса областного центра.

Нужно сказать, что по предложению Председателя Правления-Ректора университета Бауыржана Ердембекова ученый совет принял решение присваивать учебным аудиториям имена ученых-преподавателей, работавшим долгие годы в стенах вуза, а также проводить посвященные им юбилейные конференции. В настоящее время это успешно выполняется, и видимо, станет доброй традицией.

Для справки: Зейнолла Токаев – доктор ветеринарных наук, профессор РК, РФ и университета «Семей», академик Казахской Национальной Академии естественных наук, почетный работник образования Казахстана, автор новой казахской курдючной полугрубошерстной породы овец с внутривидовым типом «Байыс», член президиума городской ветеранской организации, председатель ее комиссии по патриотическому и нравственному воспитанию, член городского общественного совета, с 2019 года на постоянной профессиональной основе является председателем городской избирательной комиссии.

За успехи и достижения в учебной, научно-педагогической и общественной работе З. К. Токаев награжден орденом «Құрмет», 17 медалами и нагрудными знаками «Павлодар облысы алдында сіңірген еңбегі үшін», «Қалаға сіңірген еңбегі үшін».

Зейнолла Калымбекович изучив макро-, микро морфологию половых органов овец и маралов, внес значительный вклад в развитие истории гистологии и морфологии животных нашей страны.



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ВЫСТАВКА-ЯРМАРКА КНИЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Книга – духовность, сокрытая за страницами, а чтение – полезное и нужное дело, ведь именно благодаря ему человек приобретает основной массив знаний в течение жизни. Однако в настоящее время привычная нам книга постепенно уходит в прошлое, поэтому нам необходимо всячески поддерживать писателей и их труды. Так, сегодня в Университете Шакарима в рамках Недели науки проходит республиканская выставка-ярмарка книжной литературы с участием ведущих издательств Казахстана и библиотек организаций образования нашего региона.

13 апреля наравне с молодежью в фойе университета собрались представители старшего поколения, преподавательский состав, а также представители творческой и научной интеллигенции города.

Каких только книг не было представлено на стеллажах – от детских сказок и рассказов до серьезной научной, художественной литературы и многое другое. Каждая из книг получила заслуженный объем внимания, гости выставки-ярмарки активно обсуждали книги, на ходу приобретая понравившуюся литературу.

Цель выставки-ярмарки книжной литературы – представление ассортимента книжной продукции, пропаганда книги, поддержка, развитие и популяризация чтения, а также укрепление деловых связей и развитие сотрудничества в сфере духовно-нравственного просвещения, образования и культуры.

Открывая данное мероприятие Председатель Правления-Ректор Бауыржан Ердембеков отметил, что несмотря на то, что мы живем в мире высоко инновационных технологий, книга все равно остается лучшим источником знаний. И сколько бы мы не говорили об удобстве электронных книг, ничто не заменит «живую» бумажную книгу и шелест ее страниц.

«Сегодня для вас организована выставка книжной литературы, чтобы показать все разнообразие книжного мира, его яркий широкий спектр и живое общение с теми, кто работает с книгами, кто издает и выпускает их в свет. Желаю Вам плодотворного и эффективного времяпрепровождения», – сказал Б. Ердембеков.

Стоит отметить, что участниками мероприятия стали такие издательства и библиотеки как «Альманах», «Артекс», «АқнұрПресс», «ЛантарТрейд», «Эверо», «ТехноЭрудит», «Қазақ университеті», «Восточно-Казахстанская областная библиотека имени Абая», а также «Централизованная библиотечная система города Семей».

В завершение выставки-ярмарки всем участникам были вручены благодарственные письма и памятные подарки.



скую, и научную деятельность. В историю северо-востока Казахстана Зейнолла Калымбекович вошел как руководитель стратегически значимого вуза по подготовке кадров сельскохозяйственного профиля. Глубокоуважаемый Зейнолла Калымбекович, Вы пример для многих! Сегодня Ваши ученики работают по всему Казахстану и продолжают Ваше общее дело. Мы все Вам за это признательны! Желаю Вам бодрости духа, крепкого здоровья и долгих лет жизни», – сказал Б. Байахметов.

Декан Факультета ветеринарии и агроменеджмента Айнура Койгельдинова отметила, что Зейнолла Калымбекович за свой счет полностью отремонтировал и оборудовал специализированный кабинет.

«Этот кабинет выбран неслучайно. Он здесь был студентом, аспирантом, затем работал ассистентом, доцентом, профессором, заведующим кафедрой, совмещая с должностью заместителя декана, а после декана ветеринарного факультета и ректора института, – поделилась А. Койгельдинова. – Этот специализированный кабинет, оснащенный современным интерак-

КЕЗЕКТІ «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» ӘНДЕР БАЙҚАУЫ



Гуманитарлық-экономика факультетінің 18-22 сәуір аралығындағы апталығы «Шәкәрім оқулары» атты аймақтық Шәкәрім әндері орындаушыларының байқауымен қорытындыланды.

Шара Шәкәрім әндерін мектеп оқушылары арасында кеңінен насихаттау және өнерлі жастарды университет өміріне тарту мақсатында ұйымдастырылды.

Байқау қатысушылары мен қонақтары кешті «Бейнелеу өнері және сызу», «Дизайн» білім беру бағдарламалары студенттерінің «Shakarim ART» байқауына ұсынған 40-тан астам әр түрлі тақырыптағы картиналары мен қолөнер бұйымдары қойылған көрмені тамашалаудан бастады.

Байқау шымылдығын «Өнер және музыка» кафедрасының аға оқытушысы Қайрат Арқашұлы Шәкәрімнің «Анадан алғаш туғанда» атты әнімен ашты.

Алғашқы сөз Басқарма мүшесі – Өлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор Берікхан Иісбекұлына беріліп, өз сөзінде бүгінгі шараның маңыздылығына тоқтала келіп, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сайысқа 20-ға жуық талант иесі қатысты. Байқау үш номинацияны құрады:

- Дәстүрлі ән орындаушылық;
- Эстрадалық ән орындаушылық;
- Академиялық орындаушылық;

Сайыс қорытындысы төмендегідей: 1-орынды «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша №44 ЖОББМ оқушысы Рымжанова Дильназ, «Эстрадалық ән» номинациясы бойынша Мухтарханов Сержан (Күршім ауданы), «Академиялық ән» номинациясы бойынша №47 ЖОББМ оқушысы Ағдариев Дархан жеңіп алды.

2-орын «Академиялық ән» номинациясы бойынша Дүйсенов Елдарға (Аягөз қаласы) және Жангазина Айымға (Жарма ауданы) «Эстрадалық ән» номинациясы бойынша №44 ЖОББМ Дулатова Гүлмираға және №49 ЖОББМ оқушысы Темірғалиева Нұрайға берілді.

Байқау жеңімпаздарын жеңістерімен құттықтай отырып, шығармашылық табыстар тілейміз!

Меруерт ЖҰМАҒАЗИНА
Гуманитарлық-экономика факультетінің
1 курс студенті

ӨНЕРЛІ ЖАСТАР БАЙҚАУЫ НЕМЕСЕ САХНА САҢЛАҚТАРЫ БАСҚОСҚАН ДУБІРЛІ САЙЫС

Шәкәрім университетінде ҚСА ұйымының ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өтетін факультет аралық "Екі Жұлдыз" ән байқауы өтті.

Университет оқытушылары мен студенттердің арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайту. Сондай-ақ талантты да өнерпаз жастарды қолдау мақсатында өткен додаға 5 жұп қатысып, өнер әлемінде өз бақтарын сынады.

Басқарма төрағасы Бауыржан Аманкелдіұлы: "Студенттік шақ өмірдің қайталанбас, тәтті де ұмытылмас сәттерінің бірі. Сол өмірді мәнді әрі мағыналы өткізіп келе жатқан біздің студенттер, бүгінде соның көрінісі болды. Оқытушыларымызбен студенттеріміз осындай ауқымды шараларда төбе көрсетуі қажет дүние".



Университет басшысы жас қырандарға шығармашылық ізденіс пен сәттілік тілеп, алдағы қыркүйек айынан бастап №3 ғимараттың АКТ залын толық жөндеуден өткізіміз деген жақсы жаңалығы белсенді жастарды бір серпілтіп тастады.

Көрерменді тәтті еткен сайыстың бірінші кезеңінде қатысушылар еркін тақырыптағы ән орындаса, екінші кезеңде әр түрлі ұлттардың танымал әндерін шырқады.

Қатысушылардың өнеріне баға беріп, әділ шешім қабылдаған әділ қазылар қатарында Тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің маманы, өнші - Бектенов Ергали Сәкенұлы; Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрының актрисасы - Габбасова Ақерке Ризабекқызы; Халықаралық, Республикалық ән байқауларының жеңімпазы - Тұрлыбеков Саяхат Төлеубайұлы төрелік етті.

Сайыс нәтижесінде Гуманитарлық-экономика факультетінің 1 курс студенті Жабатаева Аружан, "Өнер және музыка" кафедрасының оқытушысы Данияр Сардибекұлы жүлделі 1 орын жеңіп алды. Жаратылыстану-математика факультетінің студенті Абиьлкаирова Диана, факультеттің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Роллан Фидаұлы 2 орынды иемденді. Жүлделі 3 орынмен Филология факультетінің студенті Нұрай Насибуллақызы, қытай тілі оқытушысы Гүлмира Керімбайқызы марапатталды.

Бойындағы бар талантын таразыға салған сайысқа қатысқан қатысушыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етілді.

Айталық, шараның жоғарғы деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен демеушілер арнайы алғыс хаттармен марапатталды.

Меруерт ЖҰМАҒАЗИНА
Гуманитарлық-экономика факультетінің
1 курс студенті





ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Елімізде реформаларға көп ұшыраған салалардың бірі – білім беру жүйесі екені белгілі. Бір өзгерістер қоғам сынына ұшырап жатса, енді бір өзгерістер білім беру саласына жаңа серпін беріп, жаңа мүмкіндіктер бастауы болуда. Сондай оң өзгерістердің бірі ретінде Педагогикалық қайта даярлау курстарын өткізу қағидаларының бекітіліп, қазіргі таңда іске асырылып жатқанын айтуымызға болады. Аталған қағидалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығымен бекітілді.

Бүгінгі таңда елімізде педагогтар тапшылығы бар екені анық, әсіресе, ауылдық жерлерде бұл тапшылық анық сезіледі. Педагогикалық қайта даярлау курстары осы тапшылықты жабу және арнайы кәсіби білімі бар, бірақ өз мамандығы бойынша әртүрлі себеп-жағдайлармен жұмыс таба алмай жүрген мамандарға педагог ретінде өзін танытуға жаңа мүмкіндік берері сөзсіз. Ендеше, педагогикалық қайта даярлау курстарының мақсаты – педагогикалық емес кәсіптік білімі бар мамандарды педагог ретінде қайта даярлау арқылы жаңа мүмкіндіктер көзін ашу, сұранысқа ие педагогтар қажеттілігін өтеу.

Бұл курстар – екінші жоғары білім алудың қысқа мерзімді баламасы. Екінші жоғары білім алу үшін 2 жылдай уақытты жоғалтпай, 6 ай ішінде қажетті құзыреттіліктерді меңгеріп, педагог ретінде жұмыс істеу құқығын беретін сертификатқа ие болуға болады. Сондай-ақ арнайы кәсіптік, техникалық білімі бар мамандар да педагогикалық қайта даярлау курстарынан өтіп, мектеп мұғалімі ретінде өздерін сынап, жаңа белестерге жол аша алады. Сонымен бірге оқу ақысына қатысты да үнем болары анық.

Кәсіби, бірақ педагогикалық емес білімі бар маман қай пән мұғалімі бола алатындығы Кадрларды даярлау бағыттарының жіктеушісіне (классификатор) сәйкес анықталады.

ҚР Білім және ғылым министрлігімен бекітілген қағидалар негізінде Шәкәрім университетінің Кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығы 2021 жылдың қаңтар айынан бастап педагогикалық қайта даярлау курстарын өткізіп, 18 тыңдаушы арнайы сертификатқа ие болды. Бүгінгі таңда осы оқу жылында қабылданған 2-лек тыңдаушылары білім алуда.

Шәкәрім университеті курсқа қазақ және орыс тілдерінде білім алатын тыңдаушыларды барлығы 15 білім беру бағдарламасы бойынша қабылдайды:

1. Педагогика және психология (қазақ, орыс тілдерінде)
2. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу (қазақ, орыс тілдерінде)
3. Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі (қазақ, орыс тілдерінде)
4. Музыкалық білім (қазақ, орыс тілдерінде)
5. Бейнелеу өнері, көркем еңбек және сызу (қазақ, орыс тілдерінде)
6. Математика (қазақ, орыс тілдерінде)
7. Физика (қазақ, орыс тілдерінде)
8. Информатика (қазақ, орыс

тілдерінде)

9. Химия (қазақ, орыс тілдерінде)
10. Биология (қазақ, орыс тілдерінде)
11. География (қазақ, орыс тілдерінде)
12. Тарих (қазақ, орыс тілдерінде)
13. Шетел тілі: екі шетел тілі (қазақ, орыс тілдерінде)
14. Қазақ тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде)
15. Орыс тілі мен әдебиеті (орыс тілінде)

Бұл білім беру бағдарламаларын университет оқытушылары нарықтың, өндіріс қажеттілігін, жұмыс берушілердің сұранысын ескере отырып, Педагогтің кәсіби стандартына сәйкес әзірледі. Курс барысында басты назар педагогикалық-психологиялық модуль, пәнді оқыту әдістемесі мен теориясына және педагогикалық практикаға аударылады.

Курс соңында тыңдаушылар қорытынды аттестациядан өтіп, мектепте мұғалімі ретінде жұмыс істеуіне рұқсат беретін арнайы сертификатқа ие болады. Сертификат мерзімі шектеусіз.



Сертификатқа ие болған тыңдаушының біліктілігі, білім сапасы, әрине, ең алдымен, білім алушының өзіне және оны оқытқан білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамына тікелей байланысты екені сөзсіз. Ал тоқсан жылға жуық тарихы бар Семейдің бұрынғы пединституты, қазіргі Шәкәрім университеті қашанда білім сапасына айрықша назар аударды және аударып келеді.

Шәкәрім университеті 2022-2023 оқу жылына педагогикалық қайта даярлау курстарына тыңдаушыларды екі лекпен қабылдайды:

1-лек – 1 маусымнан 20 тамызға дейін, 2-лек – 1 қазаннан 10 желтоқсанға дейін. Кәсіби жарамдылықты анықтау емтиханы: 1-лек –25 тамызға дейін, 2-лек –15 желтоқсанға дейін. Курс күндізгі оқу нысаны бойынша және/немесе қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы күндізгі оқу нысаны бойынша жүргізіледі.

Педагог болуда қалайтын, педагогикалық емес кәсіби білімі бар мамандарды Шәкәрім университетінің педагогикалық кадрларды қайта даярлау курстарына шақырамыз! Өз мүмкіндіктеріңізді тиімді пайдаланып, білім беру жүйесінің сапасын көтеруге үлес қосатын мұғалім болыңыз!

Г.Б. САҒАНАЕВА
Кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының басшысы

КӘСІБИ БАҒДАР – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Шәкәрім университетінің өкілдері кәсіптік бағдар беру мақсатында ШҚО-ның ауылдық елді-мекендеріндегі мектептеріне барып қайтты.

Аягөз ауданына жол тартқан оқытушылар мен студенттер ауданға қарасты 20 мектеп оқытушыларына университеттегі білім беру бағдарламалары туралы ақпарат берді.

Үржар ауданы бағытында 14 мектептің бітіруші түлектерімен кездесу жүзеге асты.

Жасақталған университет өкілдері Бесқарағай ауданының 7 мектебінің түлектерімен кездесу өткізді.

Жарма ауданы бағытында 12 мектептің оқытушыларымен кәсіби бағдар беру жұмыстары жүзеге асты.

Кездесулер барысында Шәкәрім шаңырағының тарихынан бастап, оқу ордасындағы білім беру жүйесіндегі 5 факультеттің тынысымен таныстырды. Білім шаңырағының артықшылықтары туралы, білікті профессорлық-оқытушылық құрам, сондай-ақ қос дипломды білім беру бағдарламалары, академиялық ұтқырлық және қызықты студенттік ұйымдар жайлы ақпараттар берілді.

Делегация өкілдері академиялық ұтқырлық аясында шет елдердің оқу орындарымен ынтымақтастық жайлы тың ақпараттарымен бөлісті.

Сонымен қатар, университетке түсу талаптары, білім беру бағдарламалары туралы толық мәліметтер беріліп, әр мамандыққа түсу үшін қажетті бейіндік пәндер, ЖОО-ның бітіргеннен кейінгі қызмет саласы және болашақ жұмыс орындары жайлы ақпараттар айтылды.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПҚЕРЛЕР!

Шәкәрім университетінің басты артықшылықтары:

- Үш деңгейлі білім беру (бакалавриат, магистратура, докторантура);
- Қос дипломды білім беру, академиялық ұтқырлық;
- Кәсіби біліктілігі жоғары кадрлық әлеует;
- Major - minor бағдарламалары;
- Дуалды оқыту;
- Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғарылығы;
- Жастардың белсенді әлеуметтік өмірі;
- Заманауи материалдық база.

Шәкәрім шаңырағында білім алуға шақырамыз!

Кәсіптік бағдар беру және қабылдау комиссиясы бөлімі

СҰХБАТ

«СПОРТ ТАҢДАУЫМ ЕМЕС, ТАҒДЫРЫМ...»

Роза Нысантайқызы – еліміздің, университетіміздің намысын республикалық, облыстық, қалалық деңгейлерде қорғап, биік белестерді бағындырып жүрген жас спортшы.

– Сіз кілемге қалай келдіңіз? Өзіңіз туралы таныстырып кетсеңіз.

– Менің есімім Роза мен күреске, жалпы спортқа 11 жасымда келдім. Мен Алакөл ауданы Достық ауылында дүниеге келгенмін. Мектеп кезінде жанымдағы достарым күреске қатысып жүрмін залға барамын деп айтатын еді, бірақ мен сол кезде қорқатынмын. Залдан, күрестен сол кезде маған қорқынышымды жеңіп бар қолдауын көрсеткен анам еді. Күреске келгеніме анам себепші десекте болады.

– Алғашқы жеңіске жеткен күніңіз есіңізде шығар...

– Әрине, ең алғаш жеңістің дәмін татқан сәтін ешбір спортшы ұмытпайды. Өйткені, ондай тәтті кезеңді естен шығару мүмкін емес. Ішімде бір қызық сезім болды. Қатты қуаныштымын, сондағы ойым ағайларымның ақ үмітін ақтап, басқаларының мен үшін қуанышты болғанына риза едім.

– Әрине, спортшының жетістіктері бапкерге де байланысты ғой.

– Мен өмірімде өте жақсы адамдармен жолығып, білікті мамандардан тәлім алып, жолдас болғаным үшін шексіз шүкірлік етемін. Алғашқы ұстазым – Бағлан Ақбашов аға. Қазіргі бапкерім – Айбек Жұмабеков. Бала кезімнен жаттықтырып, жеңісіме себепкер болған осы кісілер. Мықты бапкерлер деп мақтанышпен айта аламын. Өмірімде де, спортта да үлгі болған адамдар.

– Сіз үшін өмірдің құндылығы неде, жеңіске жету үшін не істеу керек?

– «Үш нәрсені ұмытпа: өзіңді құрметте,

өзгелерді құрметте және өз жасаған әр іс-әрекетіңе жауап бере біл!»- деген менің өмірлік ұстанымым. Сол ұстанымға сәйкес өмір сүргім келеді. Мен үшін өмірдің құндылығы маған қолдау білдіруші, әрқашан қасымдағы қымбат отбасым және достарым. Жеңіске жету үшін ерінбей тер төгіп, еңбектеніп, дұрыс тамақтанып әрі ұйқы режимін сақтау қажет. Ең бастысы қаншама сынақтарға мойымай сабырлық таныту керек деп ойлаймын.

– Қандай хоббиіңіз бар?

– Бос уақытымды жақын адамдарыммен серуленіп, әңгімелесіп пайдалы өткізгенді жақсы көремін.

– Отбасыңыз туралы айтып өтсеңіз...

– Отбасымда 6 адамбыз: анам, әкем, екі үлкен әпкелерім мен ағам.

– Спортта Роза байсалды, ал өмірде қандай?

– Өзің туралы айтқан қызық екен. Мен өмірде қарапайым, сабырлы адаммын. Ең алдымен Жаратқанның жұмыр басты пендесімін. Менің де өз арман-мақсатым бар. «Армансыз адам-ормансыз бұлбұл» демей ме? Арманым мен мақсатым ұштасып жатыр. Өзім қалаған мамандықта өзім қалаған дәрежеде білім алудамын. Мақсат айқын болған жағдайда арманың асқақтай береді.

– Бастау алдында көңіл-күйдің құпиясы бар ма? Өзіңді толқытумен алып тастау және табысқа жету үшін құрдастарыңа қандай тиімді әдісті ұсына аласыз.



– Менде бастар алдында қобалжу, қорқу болады. Бірақ мен ойымды бөліп оны қатты ойламауға тырысамын. Ең бастысы жаттықтырушының қолдауы және де жаныңда не болса да сені қолдайтын жақын достарын болу керек деп ойлаймын. Алға айқын мақсат қойып, ізденіп аянбай еңбек етуіміз керекпіз.

– Өңгімеңізге рақмет! Алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан
Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті»
КеАҚ

Қазақстан
Республикасының
Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитеті
берген тіркеу күәлігі
№ 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

✉ semgu_2020@bk.ru

🌐 <http://shakarim.edu.kz/>

📷 [@shakarim_university_](https://www.instagram.com/shakarim_university_)

Білім алушы жастарға арналған
ақпараттық-танымдық басылым
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КеАҚ медиа орталықта
басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а